

Шөптікөл жалпы орта білім беру мектебі
ата – аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесі жиналысының
хаттамасы. № 3

Мерзімі: 26.03.2021

Басталу уақыты: 15.30

Қатысқаны: – 9

Қатыспағаны: -0

Күн тәртібіде:

1. Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау. Мектеп директоры : А.С.Сартаева
2. Бастауыш сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Қ.Қ.Абильдина

Тыңталды:

Бірінші сойледі: Мектеп директоры А.С.Сартаева сөз барысында мектебіміздегі аз қамтылған отбасынан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау жайлы айтты. «Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған, жақсы жаман болса бала солардан» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай ата-ананың бақыты баланың дұрыс адам болып өсуіне байланысты. Ал балалардың өздеріне бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата-аналар сіздерге байланысты. Сондықтан әрбір ата-ана өз бақытын өмірінің жалғасы баласынан іздеу керек. Біздің бірлесіп тәрбиелеп отырған ұл-қыздарымыз болашақта ата-анасының үмітін ақтар, елін сүйер саналы да білімді азамат болады деп сенемін. Әрбір отбасына күннің шуағындай шаттық, жылылығындай мейірімділік, береке, түсіністік пен сыйластық, үлкен бақыт тілеймін деп сөзін аяқтады.

Тыңталды:

Екінші сойледі: Директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары Қ.Қ.Абильдина көп балалы отбасынан шыққан, күн көрісі төмен отбасынан шыққан балалар және бастауыш сынып тізім бойынша 36-оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі жайлы айтты. Соның ішінде 36 оқушы жаппай оқыту қорынан мектеп асханасынан ыстық тамақ ішеді орта есеппен бағасы 380 тенге .

Қаулы:

- Көп балалы отбасынан шыққан, күн көрісі төмен отбасынан шыққан балалар және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақ бойынша тізімге еңгізілсін.

Жиналыс төрайымы:



А.Тоқтамысова

Жиналыс хатшысы:



Л.Бұғыбай